ТӨЛЕБИ ТҰЫ

«Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» ЖШС

Мекен-жайы: 161100, Түркістан облысы, Төлеби ауданы, Леңгер қаласы, Төлеби көшесі, 294. тел. 6-20-14
БИН 130340000333 ИИК KZ406010291000176243 код 17
«Қазақстан Халық Банкі» АҚ БИК HSBKKZKX

№ 67

2 тамыз 2018 жыл

ОҚО ішкі мемлекеттік аудит департаментінің басшысы
Батырбек КӨШЕРБАЙҒА

«Төлеби туы kz» қоғамдық-саяси газетінің редакциясы» ЖШС директоры—бас редактор
Әбдімәлік Түймебекұлы
РАХМАНҚҰЛОВТАН
ЖСН 570103300364
Тел. 8-701-408-72-32

Шағым-арыз

«Төлеби ауданы әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінің 2018 жылғы 30 сәуірдегі №39 шешімімен жарияланған №2565628-ОК1 ашық конкурс Қазақстан Республикасының «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңын қасақана бұрмалау жолымен өткізілгеніне наразылық келтіре отырып, өз құзіреттеріңіздің аясында тексеру жүргізіп, конкурс қорытындысына құқықтық баға беруіңізді сұранамын.

Аудан әкімі аппаратының басшысы Есімхан Қадырбековтің бекіткен конкурстық құжаттама мәтіні, ашу хаттамасы, алдын ала рұқсат беру хаттамасы және қорытынды хаттамасы жалған ақпараттарға толы болғандықтан Заң талаптарына сай келмейді.

Бекітілген техникалық ерекшелік талаптары басшылыққа алынбай, конкурсқа қатысқан «Төлеби-пресс» ЖШС-нің жалған мәліметке құралған қолдан жасалған біліктілік талаптарының шынайылығы тексерілмеді. Бұл мекемеден қатысқан «Ленгір жаршысы» газетінің таралымы шын мәнінде 2000 данадан аспайды, ал штаттағы 1 ғана тілші-редактор Б.Пернекұлова негізінен оператор-мәтін теруші міндетін атқарады.

Ол газеттің материалдық және шығармашылық әлеуеті сын көтермейді. Осыдан бірнеше жыл бұрын осы тектес қылмыска парапар әрекеті үшін сот алдында жауап берген «Төлеби-пресс» ЖШС-н конкурсты ұйымдастырушылар жоғарыда аталған Заңның 10-бабына сәйкес мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп

35-02-02-117
116 ВХ.

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚАРЖЫ МИНИСТРЛІГІ ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ КОМИТЕТІНІҢ ОҢТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСЫ БОЙЫНША ІШКІ МЕМЛЕКЕТТІК АУДИТ ДЕПАРТАМЕНТІ РЕСПУБЛИКАЛЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ
Кіріс № _____
"02" 08 2018 ж

тану туралы сотқа талап-арыз беруге міндетті болса да, оны істей, конкурстық құжаттама талабына сай келмейтін осы әлеуетті өнім берушінің конкурста жеңімпаз деп танылуына сыбайластықпен жол ашып, жалған хаттама жасады.

Комиссия төрағасы «Мемлекеттік сатып алу туралы» Заңның 25-бабының 2-тармағына сәйкес сараптама комиссиясын құру немесе сарапшыны айқындау туралы біздің талабымыздан бас тартты. Осылайша осы баптағы 4-тармақтың талабы толық бұрмаланды.

83 жылдық тарихы бар «Төлеби туы» газетінің редакциясынан қолданыстағы компьютерлерді сатып алғандағы накладнойлар мен квитанцияларды қосымша тапсыруды ауызша талап еткен конкурстық комиссия хатшысы конкурстық құжаттаманың 16-пунктіндегі 2-тармақ талаптарын бұзды.

Жоғарыда келтірілген фактілер негізінде ашық конкурс қорытындысымен келісе алмайтынымызды мәлімдей отырып, Сізден заң бұзушылықты анықтауды және сот арқылы тиісті баға беруіңізді сұранамын.

ЖШС директоры –
бас редактор **Ә.РАХМАНҚҰЛОВ.**